

## «МОЙЫНТЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

### Кәсіптік бағдар беру жұмысының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы

"Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепте ағымдағы оқу жылына мектептің жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары бекітілді.

**Мақсаты:** Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, атааналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

#### Кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:

1. Оқушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
2. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып,
3. кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.

2023 -2024 оқу жылы ағымында келесі бағыттар бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізілді:

**Диагностикалық жұмыс.** 2023-2024 оқу жылында 9,11 сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді.

#### Қолданылған тест түрлері:

- А.Е. Климовтың «Мамандық таңдау» сауалнамасы, 9-сыныптар
- Л.Йовяйшидің «Қызығушылық сауалнамасы», 10 сыныптар
- Дж. Холландтың «Кәсіби бейімділік» сауалнамасы, 11-сыныптар

## А.Е. Климовтың «Мамандық таңдау» сауалнамасы, 9-сыныптар



Қазан айында жоспарға сәйкес кәсіби бейімділіктерін анықтау мақсатында 9-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижесі төмендегі 5 түрлі бейімділік бағыты бойынша қортындылады:

Сауалнама нәтижелері бойынша Е.А.Климов классификациясы бойынша адамның кәсіптің 5 түріне бағдарлануы анықталды:

- адам – табиғат;
- адам – технология;
- адам - адам;
- адам – символдық техника, символдық бейне;
- адам – өнер туындысы


9 «а» сыныптың жалпы оқушылар саны- 17 оқушы

Сауалнамаға қатысқандар саны- 16 оқушы

9 «ә» сынып оқушылар саны- 18 оқушы

Сауалнамаға қатысқандар саны- 16 оқушы

## Л.Йовяйшидің «Қызығушылық сауалнамасы», 10 сыныптар




Кәсіби бейімділіктерін анықтау мақсатында Л.Йовяйшидің «Қызығушылық сауалнамасы» 10 сыныптар арасында жүргізілді. 10 «а» сыныптың жалпы оқушылар саны- 17 оқушы.

Сауалнамаға қатысқандар саны- 16 оқушы. Сауалнама нәтижелері бойынша Л.Йовяйшидің «Қызығушылық сауалнамасы» классификациясы бойынша адамның кәсіптің 6 түріне бағдарлануы анықталды:

- адамдармен жұмыс істеуге бейімділік;
- зерттеу іс- әрекетіне бейімділік;
- өндірістік жұмысқа бейімділік;
- іс- әрекеттің эстетикалық түрлеріне бейімділік
- Іс-әрекеттің экстремалдық түрлеріне бейімділік;
- Іс-әрекеттің экономикалық түріне бейімділік

### Дж. Холландтың «Кәсіби бейімділік» сауалнамасы, 11-сыныптар



Кәсіби бейімділіктерін анықтау мақсатында Дж. Холландтың «Кәсіби бейімділік» сауалнамасы 11 сыныптар арасында жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша Л.Йовяйшидің «Қызығушылық сауалнамасы» классификациясы бойынша адамның кәсіптің 6 түріне бағдарлануы анықталды:

Сауалнама нәтижелері бойынша Л.Йовяйшидің «Қызығушылық сауалнамасы» классификациясы бойынша адамның кәсіптің 6 түріне бағдарлануы анықталды:

- реалстик /нақтылы тип;
- зияткерлік тип;
- әлеуметтік тип;
- конвенциалдық тип;
- тапқыр тип;
- әртістік тип

11 «А» сыныптың жалпы оқушылар саны- 24 оқушы

Сауалнамаға қатысқандар саны- 20 оқушы

Сауалнама нәтижесі бойынша 11 сынып балалары өз бағыттарын, мамандықтарын нақты таңдап отырғандығына нақтыланса, 9 сынып оқушыларында әлі де ой үстінде жүрген оқушылар кездесті.

Жоспарға сәйкес мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы

мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру мақсатында кәсіптік бағдар бойынша «Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті»- кеңес беру танымдық сабағы оздырылды. Іс-шара оқушылардың мамандық таңдау туралы таным көкжиегін кеңейтіп, қазіргі заманғы мамандықтар қандай, қандай мамандықтар сұранысқа ие, өз мамандығын дұрыс таңдау үшін қандай кеңестерге назар аудару керек? секілді сұрақтарға жауап алынып, талданды. Қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар және заман талабына сай мамандықтар туралы кәсіби бағдар беру, психологиялық қолдау көрсету мақсатында жүргізілген болатын.

Тренинг түрінде топтық кәсіптік бағдар беру сабақтары, оқушылармен сынып сағаттары өткізілді. Сабақта сауалнама жүргізілді, сыныптарда мамандық ерекшелігі талқыланды, әр оқушының қызығушылығы мен кәсіби таңдауы анықталды.

«Менің болашақ мамандығым» кәсіптік бағдар беру аясында 2-4 сыныптар арасында «Біздің ата-анамыздың мамандықтары» сурет байқауы өткізілді.

Бастауыш сынып оқушыларына бейімдік оқыту бағытындағы мамандықтар туралы білімдерін кеңейту мақсатында бейнеролик көрсетілді.

Менің болашақ мамандығым» кәсіптік бағдар беру апталығы аясында «Жастардың кәсіби бағдары» тақырыбында жергілікті мекемелерге саяхат жасалды.

Мектебімізде педагогикалық сынып жобасы аясында «Мұғалім болу - мақтаныш» бейіндік жобасының жұмыс жоспары бойынша «Бүгінгі оқушы-ертеңгі түлек» тақырыбында жоба қатысушыларымен, мектепті бітіріп кеткен түлектермен кездесу өтті.

«Мұғалім болу мақтаныш!» бейіндік жобасын іске асыру аясында педагогикалық сынып оқушыларымен «Жыл мұғалім» байқауының аудандық кезеңінің І орын және облыстық кезеңнің ІІІ жүлделі орын иегері Б.Алтынсарин ат.ТМ Алимкулова Арайлым Махмудгазиновнамен және «Өнегелі өмір» кәсіптік бағдарлау жобасы шеңберінде кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар маманға сұрақтар қойып, өздеріне жауаптарында алды.

Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруде жас ерекшелігін ескере отырып, төмендегідей жұмыс формаларын жүргізілді:

2-4 сынып оқушылар арасында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында танымдық іс-шара өтті. Балаларды алуан түрлі мамандықтарға сын тұрғысынан қарап, ойлау қабілетін, өрісін кеңейту.

5-10 сынып оқушылар арасында «Мамандықтар әлемінде» тақырыбында қабырға газеттер сайысы ұйымдастырылды. Мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

2- 8 сынып оқушылар арасында « Мен болашақ мамандықты таңдаймын » тақырыбында суреттер мен шығармалар байқауы өтті. Оқушылар мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта – ықыласын, қызығушылықтарын арттыра түсті. Өздері қалаған мамандық иелерінің суреттерін салды. Нәтижесінде ең үздік суреттер анықталып, марапатталды.

Оқушылар мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта – ықыласын, қызығушылықтарын арттыра түсті. Өздері қалаған мамандық иелерінің суреттерін салды. Нәтижесінде ең үздік суреттер анықталып, марапатталды.

Педагогикалық сынып оқушылар арасында «Мен мұғалім боламын» тақырыбында презентация байқауы өткізілді. Мамандық әлемі туралы көзқарасын дамыту, оқушылардың өз қабілетін, бейімділігін қызығушылығын мамандыққа сай тани үйрену.

**Оқушы жетістіктері:** «Мамандықтар әлемін ашамыз» атты аудандық форумға қатысып, «Менің кәсібім менің бизнесім» номинациясы бойынша 10 сынып оқушылары Нұртас М.М және Дүйсен.Ж II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» атты аудандық форумға қатысып, «Мен мамандықты таңдаймын» номинациясы бойынша 10-11 сынып оқушылары Дүйсен.Ж, Нұртас.М.М, Амангелді Н III дәрежелі дипломмен марапатталды.

**Қорытынды:** 2023-2024 оқу жылы бойынша мектебімізде қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіби бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар мүмкіндігінше жүргізілді. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады.

Орындаған: Жунусова А.Ж

